

# «ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИБЕРҚАЛҚАНЫ» – АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Жанат

Ильчибеков,

«Құжат айналымы мәселелері»  
журналының сарапшысы

**Қ**азақстан Республикасының Үкіметі Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын («Қазақстанның киберқалқаны») өзінің 2017 жылғы 30 маусымдағы №407 қаулысы негізінде бекіткен болатын. Бұл бағдарламалық құжат еліміздің әлемдегі ең үздік дамыған 30 мемлекеттің қатарына енуі мақсатын білгілеп берген «Қазақстан-2050» Стратегиясының тәсілдерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауына сәйкес әзірленді. Тұжырымдаманың мақсаты барған сайын күрделеніле түсіп отырған халықаралық және ғаламдық бәсекелестік жағдайларында Қазақстан Республикасының тұрақты және орнықты негізде дамуын қамтамасыз ететін электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелер мен ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерден берік қорғалу деңгейіне қол жеткізу және аталмыш шаруаға қатысты жалпы жағдайды сол деңгейде ұстау болып табылады.

Бұл – өте жауапты іс. Және оның маңызы барған сайын арта түспек. Біз сөзбен айтқанда, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету дегеніміз – ол жүйелерді, желілерді және бағдарламалық қосымшаларды құпия ақпаратқа құйтырқы мақсатта қол жеткізуге бағытталған цифрлық шабуылдардан қорғау бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің 2017 жылғы 4 қыркүйекте Парламент палаталарының VI шақырылымының үшінші сессиясы барысында сөйлеген сөзінде былай деп атап көрсетті: *«Соңғы уақытта цифрландыру, ақпараттық қауіпсіздік мәселесі өзекті бола түсті. Сондықтан да, бұл іспен ұлттық қауіпсіздік комитеті мен үкімет те айналысуы керек. Бұл мемлекет қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Үлкен мемлекеттер бұның зардабын көріп отыр. Ұлт жоспарында ақпараттық қоғамды дамыту бойынша нақты талаптар қойылған, заң жобасы қаралуда. Екінші тарап бар екенін де ұмытпайық. Соңғы үш жылдың өзінде интернеттегі құқыққа қарсы контент көлемі 40 есеге өсті. Бізге Қазақстанға сенімді киберқалқан керек. Оның құрылуын кейінге шегере алмаймыз, елдің мәдениетін, құндылықтарын қорғауымыз керек. Бұл қауіпсіздік мәселесі. Бүгінгі таңда тікұшақ, танкілермен соғысу керек емес. Вирус жіберіп, электр станцияларын тоқтату жеткілікті. Әскер жіберудің қажеті жоқ. Ең маңызды мәселе осы».*



Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын («Қазақстанның киберқалқанын») дайындау барысында Ұлыбритания, Германия, Чехия, Франция, Литва, Эстония, Финляндия, Швеция, Швейцария, Малайзия және Сингапур сияқты елдердің тәжірибелері зерделеніп ескерілген. Онда аталған шараларды іске асыру мерзімі екі кезеңнен тұратын қылып белгіленген еді. Біріншісі 2017–2018 жылдар болды. Ал екіншісі 2019–2022 жылдар деп көрсетілген.

Қазірдің өзінде аталмыш тұжырымдаманы жүзеге асыру барысында біраз жетістіктерге қол жетті деп айтуға әбден болады. Мәселен, БҰҰ жанындағы Халықаралық электр байланыс одағы өткізетін «Жаһандық киберқауіпсіздік индексі» (Global Cybersecurity Index) сауалнамасының 2016 жылға қатысты нәтижелері бойынша, Қазақстан әлемнің 193 елінің ішінде 83-інші орынды иеленген болса, 2018 жылдың нәтижелері бойынша 40-ыншы орынға дейін, 2020 жылдың нәтижелері бойынша 31-інші орынға дейін көтерілді. Яғни өткен төрт жылдың ішінде еліміз осы салада 52 сатыға жоғарылай алған. Осы соңғы жетістік туралы мәлімет Халықаралық электр байланыс одағының үстімідегі жылғы 29 маусымда өткен конференциясында Киберқауіпсіздіктің жаһандық индексі туралы 4-ші басылым есебінде жарияланды. Онда көрсетілген мәліметтерге қарағанда, ТМД аймағы бойынша бірінші орын Ресей Федерациясының еншісінде қалған, ал екінші орынды Қазақстан, үшінші орынды Әзербайжан иеленген.

Ал әлемде киберқауіпсіздік бойынша үздік мемлекет ретінде танылған Америка Құрама Штаттары бірінші орында жайғасқан. Екінші орынды Ұлыбритания мен Сауд Арабиясы өзара бөліскен. Үшінші орынды Эстония иемденген. Төртінші орынды Оңтүстік Корея, Сингапур мен Испания, ал бесінші орынды Ресей, Біріккен Араб Әмірліктері мен Малайзия бөліскен. Алтыншы орынды Литва, жетінші орынды Жапония, сегізінші орынды Канада, тоғызыншы орынды Франция, ал оныншы орынды Индия иемденген екен. «Жаһандық киберқауіпсіздік индексі» тізімінің алғашқы ондығы осылайша құрастырылған көрінеді. Global Cybersecurity Index рейтингінің 5 бағыт бойынша 20 индикаторды ескеру негізінде жасалатынын айта кетуіміз керек. Түрлі мемлекеттердің киберқауіпсіздігі деңгейін бағалау барысында назарға алынатын бағыттық параметрлер нақтылап айтқанда мыналар: құқықтық шаралар, техникалық шаралар, ұйымдастырушылық шаралар, әлеуетті дамыту және ынтымақтастық.

Осы жерде бір нәрсені біз нақтылап атап өтуіміз қажет. «Жаһандық киберқауіпсіздік индексінің» 2014 жылға қатысты нәтижелері 2014 жылғы 9 желтоқсанда, 2016 жылға қатысты нәтижелері 2017 жылғы 5 шілдеде, 2018

жылға қатысты нәтижелері 2019 жылғы 9 шілдеде, 2020 жылға қатысты нәтижелері 2021 жылғы 29 маусымда жария етілді. Сонымен, осы уақытқа дейін оның төрт басылымы жарыққа шыққан екен. Бұны шатастырудың болмауы үшін білу қажет.

Халықаралық электр байланыс одағының 2020 жылға қатысты «Жаһандық киберқауіпсіздік индексі» сонымен қатар бір мәселені ашып көрсетті. Көптеген елдер киберқауіпсіздік саласында айтарлықтай жетістіктерге жетіп жатқанымен, маңызды инфрақұрылымды қорғау, киберқауіпсіздік дағдыларын үйрету және жеке деректерді қорғау бағыттарында әлі де болса олқылықтардың бар екені айқындалды. Осы индекстің төртінші басылымының жария етілуіне байланысты таратылған пресс-релизде Халықаралық электр байланыс одағының Бас хатшысы Хоулин Чжаоның мынадай сөздері келтірілген: *«Қазіргідей күрделі кезеңдегі қоғамның, экономиканың және индустрияның қозғаушы күші ретінде танылып отырған ақпараттық-коммуникациялық технологияларға бұрын-соңды болып көрмеген деңгейде тәуелді болу жағдайында киберкеңістікті қауіпсіздендіру мен пайдаланушылар арасында сенімділікті нығайтудың қажеттілігі бұрынғыдан да бетер маңызды болып отыр. Сондықтан үкіметтер мен өнеркәсіп салалары ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тұрақты түрде қауіпсіз және жұрттың бәрі сене алатындай қылу мақсатында бірлесе жұмыс жасауы қажет».*

Осындай рейтингті құрастыру барысында әрбір мемлекеттің заңнамалық базасы, техникалық және ұйымдастыру іс-шаралары, халықаралық аренадағы қызметі мен ақпараттық қауіпсіздік саласын дамытуға бағытталған әлеуеті негізге алынады.

Қазақстанның «Жаһандық киберқауіпсіздік индексінің» төртінші басылымында 31-інші орынға ие болуы Киберқауіпсіздік тұжырымдамасында («Қазақстанның киберқалқанында») аталған мақсат-міндеттердің табысты түрде жүзеге асырылып жатқанының нақты дәлелі болса керек. Бұған жету жолында бірқатар міндеттер атқарылды және біраз жұмыс істелді. Соларға тоқтала кетейік.

Пайдаланылып жүрген серверлік және желілік жабдықтардың бірегейленуі қамтамасыз етілді, орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың және ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қолда бар ақпараттық жүйелерін есепке алу мен бақылаудың бірыңғай тәсілі іске енгізілді.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жедел орталықтары мен Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығы арасындағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажетті ақпарат алмасу қағидалары бекітілді. Осы салаға қатысты оқыс оқиғаларға ден қою кезіндегі тиісті қызмет орындарының өзара іс-қимылының тәртібі айқындалды. Ақпараттық қауіпсіздік жайттері туралы ақпарат алдымен Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің құрамында болған, ал кейін Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің қарауына өткен Ақпараттық қауіпсіздік комитетіне оперативтік және статистикалық режимде беріліп отыратын болды және де ондай мәліметтердің түзету мен мемлекеттік бақылау шараларын қабылдау мақсатында қолданылуы ескерілді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ақпараттық қауіпсіздікке қарсы қатерлердің пайда болғаны айқындалған кезде ақпараттық жүйенің иесі бұл туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Мемлекеттік техникалық қызмет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына дереу хабарлауға міндетті.



Коммерциялық сектор ауқымында ақпаратты қорғау жағдайын реттеу бойынша да шаралар қабылданды. Осы орайда мынаны айтуға болады. Қазақстан Республикасының заңнамасы ақпараттық объектілер иелерінің құқықтары мен міндеттерін; квазимемлекеттік сектор субъектілері мен мемлекеттік емес ақпараттық жүйелер иелері қолдануға тиіс ақпараттық қауіпсіздік талаптарын; және электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды резервтік сақтауға арналған бірыңғай платформаға көшіру кезіндегі маңызды инфрақұрылым иелерінің жауапкершіліктерін реттейді.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, абоненттік құрылғылардың жұмысындағы ақаулардан қорғану талаптарын сақтау және сондай-ақ вирустардың басқа құрылғыларға таралуын болдырмау мақсатында байланыс операторлары мен абоненттер арасындағы міндеттерді бөле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу арқылы телекоммуникациялар саласындағы желілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын бір-біріне қиюластыру ісі қолға алынды.

Киберқауіпсіздік мәдениетін дамыту, сонымен қатар киберқауіпсіздік мәселелерін бастауыш және орта мектептердің оқу жоспарына қосу шаралары күн тәртібіне енгізілді. Сондай-ақ сот жүйесі мен заңгерлер қауымдастығы және азаматтық қоғам өкілдері үшін ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқыту курстары әзірленді.

ҚР Үкіметінің қаулысымен ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қоюдың дағдарысқа қарсы ұлттық жоспары бекітілді. Ақпараттық қауіпсіздіктің бұзылуы жағдайында өзара үйлесімді түрде іс-әрекет жасау бойынша штабтық жаттығулар өткізу ісі қолға алынды.

Кезінде кибернетикалық қауіптерден сақтандыруды дамытуға қатысты бірқатар шараларды жүзеге асыру көзделген болатын. Осы мақсатта сақтандыру өнімдерін жасауды ынталандыруға баса көңіл бөлінді. Бұндай амал тұтынушылардың жеке мүліктік мүдделерін қорғауға қатысты қажеттіліктерін дұрысырақ қанағаттандыра алады және олардың мәліметтер базасы мен басқа да құпия ақпаратының қауіпсіздігіне байланысты тәуекел-

дерін жабуға мүмкіндік береді деген тұжырымға негізделген еді. Киберсақтандыруды жалпы сақтандыру ісінің жеке бір саласы ретінде бөлек шығару және оған қатысты сақтандыру лицензиясын алуға қойылатын талаптардың минималды деңгейін белгілеп беру мәселесі қолға алынды. Осы орайда тәуекелдің аталмыш түрінен сақтандырумен айналысатын сақтандырушының жеткілікті капиталы, ақпараттық технологиялар саласында жинақталған тәжірибесі, тиісті андеррайтерингке (яғни қаржылық шығындар жағдайында төлемдердің түсуіне кепілдік беретін банктер, сақтандыру компаниялары сияқты қаржы институттары ұсынатын қызметтерге) және халықаралық кибер сақтандыру нарықтарына қол жетімділігі бар болуы керек екені ескерілді.

Әскери қауіпсіздік қағидаларын және түрлі елдер арасындағы киберқылмыстарды анықтау тұрғысынан Интернетті реттеу ережелерін қалыптастыруға қатысатын ICANN («Internet Corporation for Assigned Names and Numbers» – «Домендік атауларды және IP-адресстерді басқару корпорациясы»), БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы), GGE («The United Nations Group of Governmental Experts on Advancing responsible State behaviour in cyberspace in the context of international security» – «Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық қауіпсіздікке қатысты түрде киберкеңістік ауқымында жауапты мемлекет тәртібін ілгерілетумен айналысатын үкіметтік сарапшылар тобы») және WEF (WEF Global Cybersecurity Center – WEF Жаһандық киберқауіпсіздік орталығы) сияқты мүдделі халықаралық ұйымдармен өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету қажеттігі де тиісті түрде ескерілді.

Сонымен қатар, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының «Global Cybersecurity» – «Жаһандық киберқауіпсіздік» деп аталатын бағдарламасын жүзеге асыру жолында сол БҰҰ-ның Халықаралық электр байланысы одағымен ынтымақтаса жұмыс істеу қарқынын үдетті. Осының нәтижесі бүгінгі таңда мейілінше анық байқалады десе де болады. Еліміз «Жаһандық киберқауіпсіздік индексінің» соңғы басылымында 9 сатыға жоғары көтеріліп, 31-інші орынға орналасты. Ал алдыңғы жолы ол 40-ыншы орында болған еді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану барысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында шетелдік ұйымдармен практикалық ынтымақтастық байланыс жасау ісі оқыс оқиғаларға жауап берумен және қауіпсіздікті қамтамасыз етумен айналысатын ұлттық және салалық топтардың Форумы арқылы жүзеге асырылады. Бұның да маңызы зор.

Бірақ алда істейтін істер әлі де болса көптеп саналады. Қазақстан таяу жылдар барысында киберқауіпсіздігі ең үздік дәрежеде қамтамасыз етілген алғашқы 20 елдің қатарына кіруге бел буып отыр. Бұл, әрине, оңайдан-оңай орындала қоятын іс емес. Бірақ бұған үміттенуге толық негіз бар сияқты.